Аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті

# Маяк

Районная еженедельная общественно-политическая газета

2023 жыл / год
11 тамыз / август
№31 (64492)
Издается со 2 августа 1939 года

Сайт акима Астраханского района: www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.қаз / www.astrahan.gov.kz

АСТЫҚ-2023

## БАСТЫ МІНДЕТ - ҚОЛАЙЛЫ МЕРЗІМДЕ ЖИНАУ

***Биыл егінді ерте еккен шаруашылықтар жұмысын бастап кетті. Биылғы көрсеткіш ауа райына қарасақ өте жақсы нәтиже деп айтуға болады. Себебі жаз бойы күн ыстық болды. Талапқа сай техникалары бар «Ак Хилал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі астықты жинап жатыр. Аудан әкімі Нұрлан Сейілов астықты жинау науқанымен танысты.***

Аймағымызда алғашқылардың бірі болып егінге орақ салған бұл шаруашылық бітік өскен бидай алқаптарынан жиналған биылғы дән қамбаны еселей толтырады деп үміттеніп отыр. Биылғы жылы егістік алқаптарына негізінен бидай егілген. Алғашқы күндердің жиынтерінің түсіміне қарап жасалған болжам бойынша нәтиже жаман емес сияқты. Шаруашылық өткен күндердің ішінде жартысынан көбін жинап үлгерді. Бастысы, биылғы жиын-терін науқаны мерзімінен кешікпей басталды. Ендігі







міндет орылған дәнді қамбаға жинап, игілікке жарату болып тұр.

Биылғы жаздың ыстығы, жауыншашынның жоқтығы егіс аумағындағы дәнді дақылдың өсуіне айтарлықтай тежеу бола алмады. Астық ору қарқынды жүріп жатыр,-дейді «Ак Хилал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Руслан Экажев. Сондай-ақ, жаңадан алынған «Claas», «Vector» секілді комбайндармен бірнеше жыл астық жинап жатқанын да тілге тиек етті. Бұл комбайндардың орақтары әмбебап екенін, егінді жинауға кез келген комбайнның жарамайтындығын атап айтты.

Диқандар шуақты күндерді мүмкіндігінше пайдалануға тырысуда. Серіктестіктің барлық техникалары сақадай-сай. Жұмысқа да тәжірибелі мамандарды жұмылдырылған. Бүгінгі күні «Ак Хилал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде Төлеген Алкенов, Павел



Шкатов, Муслим Богатырев, Константин Карпеев, Мұрат Кусмадиев, Александр Степанов және басқа да ауылдардан келіп тұратын жұмыскерлер жұмыс атқарып келеді.

Жалпы, астық жинау науқанына үлкен жауапкершілікпен қараған жөн. Басты мақсат - ауыл шаруашылық дақылдарын уақытылы әрі қолайлы мерзімде жинап, жақсы көрсеткіштерге қол жеткізу. Бұл орайда, асқан жауапкершілік пен сақтық танытуымыз қажет деп есептейміз.

**Арман ЖАПАРОВ.**

## ОПРЕДЕЛИЛ ДУХОВНЫЙ ОБЛИК НАЦИИ

***Абай Кунанбаев – великий поэт казахского народа, философ – гуманист, композитор, мастер художественного слова. Настоящее имя – Ибрагим, но прозвище Абай (каз. Абай «внимательный», «осторожный»), данное бабушкой Зере, закрепилось за ним на всю жизнь.***

А. Кунанбаев родился 10 августа 1845 года в Семипалатинской области на склонах гор Шынгыстау, недалеко от источника Каскабулак (Абайский район Восточно-Казахстанской области). Абай происходит из знатного и богатого рода биев и аристократов – тобыкты.

Человеком, который в наибольшей степени повлиял на раннее тяготение Абая к искусству слова и знаниям, была его бабушка Зере. Большой знаток народной словесной сокровищницы, она сумела привить своему внуку стремление и любовь к знаниям, стала его первым воспитателем и учителем. Бабушку отличало добросердечие и тонкое восприятие окружающего её мира.

Абай Кунанбаев способствовал распространению русской и европейской культуры среди казахов.

Для нас Абай – это лучший путь к познанию себя и своего народа. Нам досталось великое по содержанию наследие Поэта, которое является духовной опорой нашего народа. Вступив в XXI век, мы вновь убеждаемся, что воззрения Абая соответствуют принципам гуманизма и не теряют своей духовной ценности для казахстанского общества, его единства и благополучия. Абай с удивительной проницательностью определил духовный, культурный, нравственный облик нации. В этом его величие. Мудрые слова назидания Абая останутся вечной нравственной опорой казахского народа, скрепляющей многие поколения в поисках национального кода как основы развития нации», - отметил Президент.



**10 АВГУСТА - ДЕНЬ АБАЯ**

Абаем создано около 170 стихотворений и 56 переводов, написаны поэмы, прозаическая поэма «Қара сөз» – «Слова назидания» («Қара сөздер»), состоящая из 45 кратких притч или философских трактатов. В этих «Назиданиях» поднимаются проблемы истории, педагогики, морали и права этнических казахов. Он также был композитором, создав около двух десятков мелодий, которые популярны и в наши дни.

## ЖАСТАР – ЕЛДІҢ ТІРЕГІ, ҮКІЛІ ҮМІТІ

**Қай елдің болмасын басты капиталы оның халқы, соның ішінде жастары болып табылады. Жастар қазіргі қоғамның жетекші күші ретінде еліміздің дамуы үшін жауапты екені мәлім. Еліміздің тарихы мен мәдениетінің тағдыры, дамуы мен модернизациялануы, жалпы бүгіні мен ертеңі де жастарға байланысты.**

Жастар – қашанда белсенді буын өкілдері. Елімізде жастардың білімді, қабілетті болуына әрдайым үлкен мән беріліп келеді. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дегендей болашағын ойлаған мемлекет бүгінгі жастарының жағдайын тасада қалдырмаса керек. Соның аясында жастарға ерекше көңіл бөлініп, бірқатар әлеуметтік қолдау жасалды. Білімге, өнерге, спортқа, кәсіпкерлікке ұмтылған жалынды жастарды қолдайтын көптеген мемлекеттік бағдарлама жүзеге асты.

Жастар - қай заманда, қай елде болмасын асқақ арман мен үміт, биік ар мен өр намыстың символы болған. Олар қай кезде де, қай қоғамда да белсенді буын өкілдері. Еліміздегі жас буын өкілдері мемлекетіміздің жаңа келбетін қалыптастырады. Олардың жаңа белестерге деген ұмтылысы жаңа идеялардың туындауына себепші болады. Ал жаңа идея қазақ елінің жаңаруына бағыт алып, «Мәңгілік ел» болуына нық қадам бастайды.




Тек бізде ғана емес, әлем жұртшылығы да жастардың алып күш иесі екендігін мойындап, олармен санасады. Сондықтан бір жылдың айтулы бір күнін арнайы жастар мерекесі етіп, күнтізбеде белгілеген. Яғни, 12 тамыз - Халықаралық жастар күні ретінде аталып өтіледі.

Кез келген ел өз келешегін болашақ ұрпағымен байланыстырады. Тәуелсіз еліміз іргесінің берік болуы білімді мамандардың, отаншыл, рухани дүниесі кең азаматтардың қолында. Қоғамымыздың тұрақтылығын сақтау, Қазақстан халқының бірлігін нығайту, ұлттық келісімді насихаттау – бүкіл Қазақстан Жастарының міндеті. Сондықтан еліміздің әрбір азаматы басты байлығымыздың Тәуелсіз Қазақстан екенін әрдайым естен шығармауы тиіс.

Егемен елдің жастары баянды болашақтың бай рағын көтеріп, жарқын келешектің желкенін керіп келеді. «Мен жастарға сенемін!» деп үкілі үміт, салқар сенім артқан Мағжанның жауһар жырына арқау болған ел ертеңі жастар қашанда елдің ертеңі үшін аянбақ емес.

## «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША КРЕДИТ БЕРУ ШАРТТАРЫ




**ЖОБАҒА ҚАТЫСУШЫ:** *ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер, оның ішінде ауыл шаруашылығы (ЖК) саласындағы кәсіпкерлер.*

**НЕСИЕЛЕУДІҢ МАКСИМАЛДЫ СОМАСЫ:**

*- ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда 2500 АЕК немесе 8 625 000 тг.*

*- зәкірлік кооперацияны дамыту үшін 8000 АЕК немесе 27 600 000 тг.*

**НЕСИЕЛЕУ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ:** *жылдық 2,5 %*

**НЕСИЕЛЕУ МЕРЗІМІ:** *5-7 жылға дейін (мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін - 7 жылға дейін)*

**КЕПІЛМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ:** *жылжымалы және жылжымайтын мүлік*

**САЛАЛАР:** *етті және сүтті мал шаруашылығы; Жылқы шаруашылығы; қой шаруашылығы; Құс шаруашылығы; Өсімдік шаруашылығы; жылыжайлар; ауыл шаруашылығы кооперативтеріне Кредит; агроөнеркәсіптік кешен саласындағы тауарларды өндіру, өңдеу және қайта өңдеу; ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығына техникалық қызмет көрсету және жөндеу станцияларын ашу, кеңейту және жаңғырту үшін Кредит; басқа бизнес-жобаларға Кредит (сатып алу - сатудан басқа).*

**ӨТІНІШ БЕРУШІГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР:**

*1) қолданыстағы және аяқталған кредиттер бойынша мерзімі өткен берешектердің болмауы;*

*2) Қарыз алушыны дара кәсіпкер ретінде, айналыс және бизнес жүргізу орны бойынша тіркеу;*

*3) мемлекеттік кірістер органдары алдында берешектің болмауы;*

*4) кредит аяқталған кезде Қарыз алушының жасы зейнеткерлік жастан аспауға тиіс;*

*5) кредитті кепілді мүлікпен қамтамасыз ету (жылжымайтын мүлік/автомобиль);*

*6) қарыз алушының өмірін және кепіл мүлкін міндетті сақтандыру;*

*7) Ауыл шаруашылығын жүргізу үшін қажетті жағдайлардың болуы (жер учаскесі, сарай және т. б.);*

*8) ӘКК-мен бірлесіп құрылған ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативіне мүшелік;*

*9) қаржыландырылған жоба шеңберінде өндірілген өнімді ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативіне өткізу.*

## УСЛОВИЯ КРЕДИТОВАНИЯ ПО ПРОЕКТУ «АУЫЛ АМАНАТЫ»

**УЧАСТНИК ПРОЕКТА:** *Начинающие и действующие предприниматели, в том числе в сфере сельского хозяйства (ИП).*

**МАКСИМАЛЬНАЯ СУММА КРЕДИТОВАНИЯ:**

*- в сельских населенных пунктах и малых городах 2500 МРП или 8 625 000 тг.*

*- для развития якорной кооперации 8000 МРП или 27 600 000 тг.*

**СТАВКА КРЕДИТОВАНИЯ:** *2,5 % годовых*

**СРОК КРЕДИТОВАНИЯ:** *ДО 5-7 лет (для проектов в сфере животноводства - до 7 лет)*

**ЗАЛОГОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ:** *Движимое и недвижимое имущество*

**ОТРАСЛИ:** *Мясное и молочное скотоводство; Коневодство; Овцеводство; Птицеводство; Растениеводство; Теплицы; Кредит сельскохозяйственным кооперативам; Производство, обработка и переработка товаров в сфере агропромышленного комплекса; Кредит для открытия, расширения и модернизации станций технического обслуживания и ремонта сельскохозяйственной техники и оборудования; Кредит на другие бизнес-проекты (кроме купли- продажи).*

**ОСНОВНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ К ЗАЯВИТЕЛЮ:**

*1) Отсутствие просроченных задолженностей по действующим и завершенным кредитам;*

*2) Регистрация заемщика в качестве индивидуального предпринимателя, по месту обращения и ведения бизнеса;*

*3) Отсутствие задолженности перед органами государственных доходов;*

*4) Возраст заемщика на момент завершения кредита не должен превышать пенсионного возраста;*

*5) Обеспечение кредита залоговым имуществом (недвижимое имущество/автомобиль);*

*6) Обязательное страхование жизни заемщика и залогового имущества;*

*7) Наличие необходимых условий для ведения сельского хозяйства (земельный участок, сарай и др.);*

*8) Членство в сельскохозяйственном производственном кооперативе, созданном совместно с СПК;*

*9) Реализация произведенной продукции в рамках профинансированного проекта в сельскохозяйственный производственный кооператив.*

## АБАЙ МҰРАСЫ-ХАЛЫҚ ҰЛАҒАТЫ




Абай - адамзаттың Абайы. Оның терең пәлсапасы, мазмұнды һәм мағыналы қара сөздері, надан болмай, адам болуға шақыратын мәңгілік шығармалары, рухани мол мұрасы, классикалық әндері күллі адамзатқа ортақ.

Немістер Гетесімен, орыстар Пушкинімен мақтанады. Ал біз халқымызды өркениеттің өріне қарай жетелеген, қалың елдің Абайымен мақтана аламыз. Абай ешкімге ұқсамайтын болмысымен, асқан дарынымен әлемдік дәрежедегі дара тұлға болып қала бермек. Ол қазақтың қасиетті топырағы тудырған әлемнің перзенті.

Өйткені, ақынның дүниетанымы, озат ойлары, салмақты сөздері, өзектілігін жоймайтын пәлсапасы қай жерде, қай ортада, қай елде болмасын өтімді әрі актуальді. Оның адамзатқа ауадай қажет туындылары ешқашан өлмейді. Керісінше зерделеніп, зерттеле бе реді.

Расында, «Мен бір жұмбақ адаммын…"» - деген ғұламаның сырлы әлемі әлі де жұмбақ. Абайды оқыған сайын жаңарып, тазара бересің. Тереңіне бойлаған сайын ойлана түсесің. Мына сұлу дүние есігін ашып, рухани құндылыққа ұмтылғысы келген әрбір адам, Абайдың шығармаларымен етене танысу керек. Өйткені, Абай қай заманда болмасын ұлы кемеңгер болып қалады. Абайдың ойы, ақынның толғанысы, данышпанның қайғысы – бүтіндей тіршіліктің үні, тұтас қоғамның сөзі деп ұғынатын уақыт келді. Абай адамзат тарихында енді қайтып келмейтін тұлға.

Иә, Абай надандықтың құлпы, адамдықтың кілті. Абай мектебі – руханияттың кәусар бұлағы! Оның тағлымын танып ұққан кісі кемел келешекке бет бұрлатыны ақиқат. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық» - дейді данышпан. Демек, біз Абайдың жарық, нұрлы әлемімен сусындаған сайын, ғылым, білімге ұмтылып, өнер үйренеміз. Ондай адамның болашағы бұлыңғыр тартпасы хақ.

Не десек те, ұлыларымызға жыл он екі ай тағзым етіп, ұлықтау артықтық етпейді. Ал олардың тап қай жылы, қай күні туғаны туралы тереңірек айту деректі фильмдер, болмаса тарихи зерттеулердің еншісінде. Тек, тұтас көшпелінің адамзат қоғамына қосқан ұлы тұлғасы Абайды, алдағы ұрпақтың санасына құлыптастай бәдіздеу бүгінгі буынның борышы. Қадірлі Абай дәуір мен дәуірдің, заман мен заманның, тіпті тұтастай адамзат ой-танымының жаңғырып жаңарған кезеңде өмір сүрді де, сойы басқа, бөгенайы бөлек жаңа уақыт кезеңіне еліне жол сілтеген шырақшы болды. Тіпті, туған халқы ғана емес, адамзатқа ортақ жауап іздеген ол, арғы берғі дәуірдің ұлы тұлғаларымен ой арқылы тілдесті. Ұлт пен жекені адамзаттық ізгі құбылаға бастау үшін де Абайдай ұлы тұлғасы жоқ ұлттың басар жолы тарғалаң. Сондықтан да, қоғамды құраған әрбір клеткадан тартып ой жүгірткен Абайдың қадір-қымбаты, сыр мен сымбаты жыл өткен сайын арта түседі

Ұлы хәкімнің 175 жылдық мерейтойында, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының ұсынысымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 10 тамызды «Абай күні» деп белгіледі. Бұл расында көңіл қуантарлық жаңалық болды. Шын мәнісінде «Абай күні» жай ғана атаулы күн емес. «Абай күні» – руханият мерекесі. Дәл осы күні әрбір адам баласы Абайды қаншалықты тани алдым, қаншалықты зерттей алдым, қаншалықты жүрегінің түбіне терең бойлай алдым деп, өз-өзіне сұрақ қойып, соған жауап беруі тиіс деп есептейміз. Анығында, «Абай күні» рухани жаңғырудың жарқын үлгісі.

**Өз ақпаратымыз.**

ОНОМАСТИКА

## АТАҚОНЫС АҚИҚАТЫ

**Ақмола мен Атбасар арасында Қалқотан (Қалқұтан, Құлқұтан, Қалытон) мен Есіл өзенінің және оның салаларын XIX ғасыр мен XX ғасыр басына дейінгі деректер бойынша үш болыс ел қоныстанып отырған. Патша шенеуніктері жүргізген санақ бойынша соның бірі «Ақсирақ» болысы деп аталады екен. Бұл елдің кіндік қонысы қазіргі Жалтыр стансасының түбінде, жағасына қарақұлан қыпшақтары мекен еткен «Ақсирақ» атты көлдің жағасы екен. Болыс қонысынан алыс емес өте үлкен «Жалтыркөл», «Шөптікөл» атты көлдер болғаны деректі мәліметтерде көрсетілген.**

Ақсирақ болысы жеріндегі елді мекендердің ішінде Астраханское поселкесінің 1895 жылы салынғаны жайлы дерек бар. Бөлініп берілген жер Есілге оң жағасынан қосылатын Меңдібай өзен аталған кішкене саланың жағасы екен. Есіл поселкеден 4-5 шақырым оңтүстік батыс жағында, мұжықтарға берілген жерді екі бөліп тұр. Ең алғаш Астрахан губерниясының Чернояр оязынан келген 7 отбасы осы өзеннің жағасын мекендеп отырған, руын отар деп жаздыртқан Топанның Қараманының ауылына келіп орнығады. Ауылдың аты осы кезден бастап келгендердің шыққан губерниясының атауынан Астраханское аталып кетеді.

«Бос жатқан жерге» келуге рұқсат алуды астрахандықтар 1891 жылдан бастапты.Алғашқы хабарды 1890 жылы Өскеменге келіп қоныстанған көрші Бундут болысының мұжықтарынан есетіпті. Көп әуреге түсіп, рұқсат қағазды алғаннан кейін 1893 жылы 27 мамырда 16 отбасы жүктерін тиеп, біреулері ат, біреулері түйе жегіп жолға шығады. Дала жолымен Царицын, Ырғыз, Торғай жерін басып қазақ еліне бет түзейді. Адасқан жерде жолға салып жіберу үшін кездескен қазақтарды жалдайды. Олар кейде 10 рубльден алғанын сөз етеді. Ақмолаға жете алмай, ауру-сырқауы көбейіп жүре алмағандықтан жолдағы Атбасарға бұрылады. Күз өтіп қыс түсуге жақындап қалған соң Атбасар оязының Самарское (Жайлыбай ауылының жері) поселкесінде қыстап қалады. Жазғытұрым жеті отбасы Өскеменге кетеді. Кейбіреуі жақын жерге тіркеле салмақ болады. Қалғандары Товалжанкада тұрмақ болғанымен крестьян бастықтары ол селоға тіркемейді. Ақыры 1894 жылы қыркүйектің 20-шы жұлдызында бұрынғы астрахандықтар тоқтаған жерді беретіні белгілі болады. Қараша айында шекарасы белгіленеді. 1895 жылы сәуір айында жер жыртып, егін салып, қоныстарын да сала бастайды. 1896 жылы бұларға Саратов губерниясынан 18 отбасы келіп қосылады.... Ақыры XIX ғасырдың аяғына дейін Кубаньнан , Орынбордан, полтавадан 9 отбасы- 70 адам, Саратовтан 22 отбасы -162 адам, Туладан, Харьковтен, басқа да жерлерден 47 отбасы -323 адам, барлығы 555 адам тұратын қоныс салынып болады. Көлемі 4061,18 десятина жерге олар әкесі қалдырған жердей ие болады да, шаруаларын жөндей бастайды.

Астрахандықтардың малы сол тұста да селодан шығыс солтүстікке қарай жайылған екен. Мал жайлымы тарлық еткендіктен қазақтардың жеріне де жайылатының, бірақ қазақтармен келісімге келіп, күзге қарай мұжықтар егінін жинап алғаннан кейін орнына қазақтардың малының жайлауына кедергі жасамайтын болып келісіпті.

Баларын оқыту үшін үйді де, мұғалімді де өздері жалдаған. 1897 жылы үкіметтің көмегімен салынған шіркеуі Астраханка, Товалжанка, Новочеркасское деп аталатын үш селоға ортақ орнатылыпты.

Осылайша қаптап қоныс аударушылар ағылып келіп жатқан тұста өмір сүрген қазақтың аз ғана зиялы тобының күйініші қағаз бетінде өрнектеліп қала бергенін енді ғана оқып жатырмыз ғой. Тым болмаса жағаласа жүріп, өз жеріне қала салып, бекіне бермегендеріне Мағжан Жұмабаевтай ұлдары күйінішін қаламымен ақ қағазға төккенін көреміз:

Бар жерді күннен күнге алып жатыр,
Біреулер алып қала салып жатыр.
Қырылысып өзді-өзімен қазақ сорлы,
Жеріней аузын ашып қалып жатыр…-

деген екен «Қазағым» атты жырында.

Жағасына Астрахан поселкесі орналасқан, деректе көрсетілген Меңдібай өзен атын қазіргі ел қалай тайды екен деп анықтау үшін сол елден көшіп келген Болысбек Дәуренбекұлы деген қарт кісіге жолыққан едім. Ол кісі қазақша атаулар елде көптен бері аталмағандықтан бір кездегі өзеннің аты да жоғалғандардың ішінде кеткенін айтты. «Өзеннің атын қойып, Есіл тасымағаннан бері оның ішінде суы да жоқ, әлдеқашан құрғақ сайға айналған», - дейді.

Деректер Клара Әмірқызының «Атақоныс ақиқаты» кітабынан алынды. Бұл кітаптың иесі өзінің саналы ғұмырын өскелең ұрпаққа өте қажет әрі керек бір ғана тақырып – қасиетті туған жер тарихын білуге, зерттеуге арнаған өлкетанушы.

**К. АМРИНА,**
**Астрахан ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы.**

# ЕҢБЕК ЕТКЕННІҢ ЕҢСЕСІ БИК

ЕҢБЕК АДАМЫ

**«Адамды адам еткен – еңбек» дегендей, бүгінгі қоғам кешегі еселі еңбек еткен тұлғалардың арқасында даму үстінде. Бүгінгі күні де тек еңбек арқылы адам көздеген мақсатына жетуде. Сондықтан қай қоғамда да еңбек еткеннің еңсесі биік. Міне, өткен ғасыр мен осы ғасыр еншісінде еңбек көрігін қыздырып, содан бақты тапқан жандардың қатарында Новочеркасск ауылының тұрғыны - Шакрат Айтыбайұлы Омралинов.**

Шакрат Айтыбайұлы 1957 жылы ауданымызға қарасты Новочеркасск ауылында қарапайым отбасында дүниеге келді. Әр бала үшін асқар тау әкенің ақылы мен анасының аялы алақанына жетер еш нәрсе жоқ. Ата-анаңның қасында жүргенінің өзі бір бақыт. Бірақ Шакрат ағамыз анасынан ерте айырылады. Тағдырдың тауқыметі иығына түссе де Айтыбай әке мойымай, балаларын өсіріп-жетілдіреді.

10 сыныптық мектепті аяқтап, Целиноград транспорттық-құрылыс техникумына түсіп, техник-құрылысшы мамандығын бойынша қызыл диплом алды. Технникумды бітірген соң, жолдамамен Алматы трансстрой мекемесінің «Жарық» станциясына техник-құрылысшы болып еңбек жолын бастады. Әскери борышын өтеп келгеннен кейін ауданымыздың райкомсомол нұсқаушысы қызметіне ауысады.

Оның бойында үлгі тұтарлық қасиеттер көп болатын. Сондықтан болар, әу бастан кәсібіне адалдық танытып, үлкен жауапкершілікпен қараған Шакрат ағаның жұмысқа деген құлшынысын «Путь к Коммунизму» совхозының сол кездегі басшысы шаруаға деген ынтасына байқап, құрылыс учаскесінің шебері қызметіне орналасады. Осылайша, «Путь к Коммунизму» совхозының шебері қызметінен құрылыс учаскесінің бастығы, кәсіподақ ұйымының төрағасы және соңғы 20 жыл қатарынан «Путь к Коммунизму» совхозы, кейін «Федоренко и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директорының орынбасары қызметін абыроймен атқарады. Сонда мүмкіндігінше елдің жағдайын жасап, шаруашылық мүлкін ыдыратпай, ортақ жұмыстың өрге басуын үнемі назарында ұстапты. Ал жекешелендіру науқаны басталған тұста заман ағымын жедел түсініп, барлығын өз орнында қалуына өз септігін тигізді.



2021 жылға дейін абыроймен қызмет етіп, зейнеткерлікке шықты. Қазір аудандық дәрежедегі дербес зейнеткер. Новочеркасск ауылдық округінің қоғамдық өміріне белсене араласып, жергілікті қоғамдастық өкілі. Ерен еңбегі ескеріліп, бірнеше медальдармен марапаттталды. Екі шақырылымның аудандық кеңес депутаты болып сайланды.

Шакрат ағаның зайыбы Бақыт екеуі екі бала тәрбиелеп, 7 немере сүйіп отырған жайлары бар.

Иә, адал еңбек адам баласын қашанда абыройға кенелтеді. Осы тұста ұлы Абайдың «Өзіңе сен өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген сөзі еріксіз ойға оралады.

**Арман ЖАПАРОВ.**

# САМЫЙ РОДНОЙ ЧЕЛОВЕК - ЭТО МАМА

НАШИ ЮБИЛЯРЫ

**8 августа 2023 года отмечает свой 80-летний юбилей наша любимая мамочка, бабушка и прабабушка Коржова Мария Михайловна.**



Родилась она в Гродненской области, в селе Родзивилки, в большой дружной семье, где воспитывались пятеро детей. У мамы две сестры и два брата. В школу пошла в семь лет. Закончив 8 классов, сразу пошла работать. Так как Мария в семье была младшей, когда не стало родителей, она вместе со своим старшим братом приехала в Казахстан. Более 25 лет мама проработала в ПМК-36 села Астраханка по специальности штукатур-маляр. Доброй славой в районе пользовалась их бригада. Всегда перевыполняли поставленные планы и показывали лучшие результаты и высокое качество выполненных работ. В 1993 году из организации РАПС вышла на заслуженный отдых. Мама воспитывала нас с сестрой всегда быть добрыми, чуткими и внимательными по отношению к друзьям и своим близким. Для нас мама-это жизнь, свет, самый близкий человек, которому мы доверяли все свои детские тайны. Мамочка - самая добрая, красивая и нежная, милая, внимательная и заботливая! Мама всегда поможет, подскажет, посоветует и защитит. Она была первым человеком, который узнавал все наши радости, достижения, разочарования и вообще обо всем, что происходило в нашей жизни. Она всегда нас учила, что нужно помогать всем, кто нуждается в нашей помощи. Особенно, если это маленькие дети или пожилые люди.

Прошли годы. Мы повзрослели. И теперь уже мы в свою очередь делаем все от нас зависящее для того, чтобы обеспечить маме счастливую беззаботную жизнь, как когда-то она делала для нас. Мы благодарны маме за всё!

В свой 80-летний юбилей мама может гордиться нашей большой и дружной семьей. У нашей мамы появились пять внуков, а за ними и шесть правнуков, которую все они очень любят. Мы всегда с теплом и нежностью вспоминаем наше беззаботное детство. Именно сегодня хочется сказать ей огромное спасибо, за то, что в нашем детстве у нас было все, что мы хотели. Только сейчас мы начинаем понимать, сколько сил, труда, времени и терпения было вложено в наши детские мечты. Хотим в этот праздничный день от всей души пожелать тебе крепкого здоровья, счастья, добра, благополучия, достатка. Чтоб ты еще долгие годы могла радоваться нашими успехами. Пусть внуки и правнуки радуют тебя своими достижениями.

*С восьмидесятилетием!*
*А что же пожелать?*
*Своим великолепием*
*Вокруг всех удивлять*
*80 весен за плечами*
*80 славных лет и зим*
*Мы вас с юбилеем*
*поздравляем*
*И от всей души*
*сказать хотим*
*Пусть в юбилей*
*салют гремит*
*И бьют фонтаном*
*поздравленья*
*Пусть день удачей удивит*
*И бодрым будет*
*настроенье!*
*Пусть будет всё -*
*метели, грозы*
*Пусть будет радость*
*и покой*
*А если станет очень*
*грустно*
*Ты помни – мы всегда*
*с тобой!*

**Твои дети, внуки и правнуки.**

ЧЕЛОВЕК ТРУДА

# ХАРАКТЕР, СТРЕМЛЕНИЕ, ВЕРА

**Самая благородная и мужественная профессия, о которой мечтает каждый второй мальчишка, – профессия спасателя. Это выносливость, огромные знания и умения, отличная физическая подготовка и самое главное – готовность прийти на помощь людям. Старший пожарный-спасатель младший сержант гражданской защиты Руслан Плотников из ПЧ-19 Астраханского района не понаслышке знает, каково это быть в огне и что становится решающим в успехе его ликвидации.**




Будучи тем самым мальчишкой, мечтающем о героических поступках, Руслан частенько смотрел фильмы, где пожарные борются с огнем. Оттуда и появилась цель – стать спасателем-пожарным. Окончив школу, он поступил в Агротехнический колледж № 6 села Астраханка. Однако по завершении учебы парень захотел сменить направление и попытался поступить в Академию гражданской защиты имени Малика Габдуллина.

– Трудности возникли со сдачей экзаменов по физической подготовке. После двух неудачных попыток я решил устроиться пожарным-спасателем в пожарную часть № 19 родного села, – рассказал Руслан.

По словам пожарного, для того чтобы стать спасателем, нужны характер, желание, стремление и вера, что со всем получится справиться. Хотя Руслан не отрицает, что профессионализм в их деле очень важен и приходит он с годами. К примеру, тот же распорядок дня очень многое дает.

– Это и дисциплина, и четкость выполнения поставленных задач, учеба, сдача нормативов по физподготовке.., – рассказал старший пожарный-спасатель. – Но самое главное, пожарному нужно хорошо выспаться, потому что мы не знаем, что нас ждет в течение нашего дежурства, а силы должны быть всегда.

Удалось нам узнать, что именно привлекает спасателя в его работе.

– Сам процесс тушения пожаров и ликвидации чрезвычайных ситуаций, понимание, что я делаю нужное дело. Еще – спасение людей. Я понимаю, что хочу быть тем человеком, который всегда поможет в тяжелой ситуации, – поделился Руслан Владимирович. – Случаи на выезде бывают разные. Один на другой не похож, и приходится ориентироваться по ситуации. Радует, что люди, которые ждут помощи, относятся к нам очень уважительно и понимают всю сложность этой работы. Однако бывает и так, когда «зрители», не зная особенности тушения пожара либо ликвидации чрезвычайной ситуации, начинают давать неуместные советы. Но в основном все проходит благополучно, и все остаются довольными: пожарные – успешным тушением, ну а люди – спасенными жизнями.

По словам пожарного, работа спасателя требует многого, «мало иметь хорошую физическую подготовку, надо быть еще психически устойчивым. Каждый из них понимает, что есть морально сложные вызовы, о которых потом и вспоминать не хочется, но профессия обязывает быть стойким духом и не впадать в панику, иначе быть беде».

Помимо этого, для Руслана очень важна поддержка его родных, особенно мамы.

Как он говорит, «мама гордится и очень рада тому, что я посвятил себя благородной профессии, хотя не обходится и без переживаний…»

Немаловажную роль играет для Руслана и поддержка коллег.

– Дружеское плечо в нашем деле незаменимо. У нас не просто коллектив, мы – семья, где каждый старается понимать друг друга, поддерживать, сопереживать, – отметил пожарный.

К слову, наш герой не только хорошо выполняет свои профессиональные обязанности…

– Свободного времени не так много, но стараюсь успевать, делать то, что запланировано. Конечно, не обходится и без хозяйственных дел по дому, помощи родителям, но когда основное сделано, посвящаю себя спорту и очень нравится рисовать, – улыбаясь, говорит Руслан Плотников.

**Тамара САЛИМОВА.**




# МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖАСТАРЫ – ИННОВАЦИЯҒА

ЖАСТАР ӘЛЕМІ

**Келешегіміз кемелді болсын десек, ел жастарының сапалы білім алуын қамтамасыз етуіміз керек. Осы бағытта мемлекет тарапынан жүйелі жобалар атқарылуда. Жастардың сапалы білім алуы елдегі түрлі бағдарламар аясында іске асырылуда. Солардың бірі - «Мәңгілік ел жастары - индустрияға!» - «Серпін-2050» әлеуметтік жобасы.**

Күнгей жұртын теріскейге алдыртып, сондағы тіршілік қазанын қайнатуды көздеген жобаны – өңірлердің дамуына айрықша серпін берген жоба деп санаймыз. Себебі, еліміздің оңтүстік өңірлерінің жастары, өндіріс орындары дамыған, жұмысшы күшіне қажеттілік қалыптасып отырған Қазақстанның Солтүстік өңірлерінің жоғарғы оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында тегін білім алып, тұрақты жұмысқа орналасуына мүмкіндік алды. Солардың қатарында ауданымызға қарасты Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің физика пәні мұғалімі – Исламбек Төленді.

1999 жылы дүниеге келген Исламбек осы бағдарлама бойынша Қостанай облысының Арқалық қаласының Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында білім алған.

«Серпін» индустриалды-инновациялық жобаларға мамандарды даярлап, жұмыс күші мол аймақтардағы жастарға сұранысқа ие кәсіби білім беруді ұйымдастырады; жұмыс күші мол аймақтардағы жастарды жұмыс күші тапшы аймақтардағы сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқуға тартады. Екіншіден, техникалық және кәсіптік білім берудің беделін арттырып, жастардың жұмысшы мамандықтар алуға деген оң көзқарасын қалыптастырады. Үшіншіден, жастардың әлеуеттік және жұмыссыздық мәселелерін шешеді. Жоба биыл оныншы жыл жүзеге асырылғалы отыр. Бүгінде бағдарлама аясында облысымыздың мыңдаған жастары білім алуда. Жыл сайын жобаға қатысатын оқу орындарының желісі де артып келеді.



Жоғарғы білім министрі орынбасарының айтуынша, «Серпін» бағдарламасының иігілігін көргендер биыл үш жыл емес, екі жыл көлемінде өз міндетін өтейді. Сондай-ақ, грантты жұмыс арқылы өтеу оқыған аймақта ғана емес, бағдарлама аясында қамтылған басқа аймақтарға да баруға болады.

Бұл бағдарламаға 2023 жылдан бастап жаңа жүйелер енгізіліп жатыр. Осы уақытқа дейін «Серпін» бағдарламасы бойынша тегін білім алған студенттер оқу бітіргеннен кейін оқыған өңірлерінде үш жыл жұмыс істеуге міндеттелген болса, ендігі уақытта талап өзгеріп еңбек өтеу мерзімін азайтып, екі жыл жұмыс істеу міндеттелді. Сондай-ақ, жас мамандар тек оқыған өңірінде ғана емес, солтүстік, батыс және шығыс өңірлеріне қарасты 11 аймақта жұмыс істеуіне болады.

**Арман ЖАПАРОВ.**

# КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

БАСШЫ МІНБЕРІ

**Мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыруды қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала береді. Мемлекет басшысының мемлекеттік басқару органдарының алдына қойған негізгі міндеттерінің бірі жоғары сапалы мемлекеттік қызметтерге ашық және барлығына тең қолжетімділік болып табылады. Астрахан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы қызметінің тиімділігіне әсер ететін елеулі фактор мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасы мен жеделдігі болып табылады.**

Мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алу рәсімдердің мерзімін едәуір қысқартады, оларды орындаудың жеделдігімен, барлығына және барлығына қол жетімділігімен ерекшеленеді. Сондықтан мемлекеттік қызмет көрсету процесін автоматтандыру мемлекет жұмысының басым бағыты болып табылады. Бұл міндетті шешу үшін Қазақстанда "Электрондық үкімет" құрылды. Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілін түбегейлі өзгерткен бірыңғай ақпараттық жүйе: олардың көпшілігін онлайн алуға мүмкіндік туды, қажетті құжаттар тізбесі және мемлекеттік қызметшілерді алу мерзімдері қысқарды.

Электрондық түрде қызмет көрсетугекөшусыбайласжемқорлық тәуекелдерін төмендетіп, мемлекет пен азаматтардың уақытша және қаржылық шығындарын қысқартты.

Енді сіз өз пәтеріңізден шықпай-ақ қызметтерді алуға сұраныс жасай аласыз. Ол үшін электрондық-цифрлық қолтаңба (бұдан әрі — ЭЦҚ) болуы қажет, оның көмегімен көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне кіру ашылады, онда оның барлық деректері, көрсетілген ерте қызметтер бойынша тарихы және т.б. қамтылады.

Мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысы, оның ішінде электрондық түрде басқарма қызметінің мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы басым бағыттарының бірі болып табылады: ресми интернет-ресурста Көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны туралы ақпарат орналастырылады, бейнероликтер, құқықтық жалпыға бірдей оқыту құрылады, халық арасында мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша брошюралар мен жадынамалар тарату ұйымдастырылады.

***Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады Астрахан ауылы, Мира көшесі, 51, байланыс нөмірі 8(71641) 2-20-54.***

**Динара АБИШЕВА,**
**Астрахан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ - МАҢЫЗДЫ ІС

**«Сыбайлас жемқорлық» түсінігі (латынша corruptio) — ақшаға сатып алу және саяси қайраткерлерді, мемлекеттік шенеуніктерді, лауазымдық тұлғаларды сатып алу дегенді білдіреді.**



Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес уақыт өткен сайын күшеюде. Бүгінгі таңда, аталған қоғамдық індеттің алдын алу, жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру қажеттілігі айрықша күн тәртібіне шығып отыр. Себебі, жемқорлық фактілері қарапайым жағдай емес, ол елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін әлсірететін, қоғамды әділетсіздікке ұшырататын аса қауіпті індет. Сондықтан, парақорлықпен күрестің жылдар бойы жалғасуы заңды құбылыс. Ел мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «Мүлдем төзбеушілік» ахуалын қалыптастыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту болып табылады.

Әрине, сыбайлас жемқорлықпен күрес жолында оның алдын алу жұмыстарына көбірек мән берген жөн. Ол үшін жемқорлық көріністерінің белең алуына түрткі болатын факторларды анықтап, мейлінше аурудың алдын алған абзал. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**Ардақ МҰҚАЖАНОВ,**
**ішкі саясат бөлімінің бас маманы.**

# ҚОС АЗАМАТТЫҚ – ҚАТЕРЛІ ҚҰБЫЛЫС

МАҢЫЗДЫ

**Елімізде қос азаматтығы барлардың қатары қалыңдағанға ұқсайды. Әсіресе, Ресей Федерациясының қоңыр паспортын иеленгенін жасырып жүргендердің саны күрт артыпты. Мұны ресми статистика растайды. Сарапшылардың айтуынша, қос азаматтық мәселесі ушықса, ол елдің бірлігіне сына қағады. Елдегі қоғамдық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздікті қожыратады. Оның әлеуметтік-экономикалық залалы да зор. Сондықтан құзырлы органдардың бұл кесірлі құбылыспен күресті күшейткені қуантады. Сонымен бірге алда ұлттық заңнамаға өзгерістер әзірленуде.**




Бұл құбылыстың қандай ауқымға жеткенін және ондағы трендтерді мына деректен байқауға болады. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, республикада бүкіл 2022 жыл бойы қос азаматтығы бар жалпы саны 841 адам табылып, әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оның тек 138-і сот шешімімен елден аластатылған. Қалғанын соттар айыппұл салумен шектеген.

Осыларды қоса алғанда, соңғы 5 жылда азаматтық туралы заңнаманы бұзған 3 515 адам жазаланды. Соның ішінде 3 мыңнан астамы айыппұл арқалаған, 473-і елден шығарылып, жаңа отанына қуылды. Осы 3,5 мыңнан астам адамның бәрінің қазақстандық көк паспорты тартып алынды.

2023 жылы бұл саладағы күрес біршама өрістеді. Бір ғана Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі биылғы маусымдағы жағдай бойынша жыл басынан бері қос азаматтығы бар 233 адамды әшкерелеген. Бірақ бұл – мұзтаудың ұшар басы және шекарада ұсталғандары ғана.

Полицияның түсіндіруінше, қазақстандықтар басқа елдің азаматтығына кірмес бұрын қазақстандық азаматтықтан бас тартуы қажет. Ол үшін 30 күн мерзім ішінде өзге мемлекеттің азаматтығын алуды жоспарлағаны туралы ішкі істер органдарына немесе шет мемлекеттің аумағындағы Қазақстанның дипломатиялық өкілдігіне хабарлауы тиіс. Ол ҚР паспорты мен жеке куәлігін тапсыруы шарт. Бірақ өкінішке қарай, өзге елдің паспортына ынтыққандардың бәрі бірдей «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңның 21-бабының осы талаптарын орындай бермейді.

Құқық қорғау органы қазақстандықтардың өзге ел азаматтығын алуының бірнеше себебін тізбелеп берді. Бастысы, әрине, қауіпсіздік: республика бейбітшілігінен, тыныштығынан, тұрақтылығынан айырылса, төтенше жағдай туындаса, отбасымен шұғыл эмиграцияланып, өзге елден еш қиындықсыз пана табудың алдын ала қамын жасайды.

Екіншіден, мемлекеттік шекарадан кедергісіз өтуді, өзге елде еркін қозғалуды көздейді. Үлкен бір бөлігі сол кезде ұсталады: мысалы, РФ азаматтығын жасырын алғандар көрші елге ұзаққа барғанда паспорттық бақылауда, Шекара қызметіне қазақстандық емес, ресейлік паспортын көрсетеді. Сөйтіп, Ресей аумағында РФ паспортын пайдаланып, сонда ұзаққа қала алады. Сонда «Бүркіт» ақпараттық жүйесі арқылы тексергенде, оның ҚР азаматтығынан шықпағаны анықталуы мүмкін. Үшіншіден, Қазақстан азаматтығын сақтап қалу арқылы материалдық артықшылықтар алғысы келеді. Бүгінде Ресейге қарағанда, Қазақстанда зейнетақы да, бала туу, мүгедектігі және басқасы үшін берілетін жәрдемақылар да жоғары.

Ішкі істер министрлігі қос азаматтықты шектеу шараларын күшейтуге бағытталған жаңа заң жобасын әзірлеп шықты. Заңнамалық түзетулер – «Кейбір заңнамалық актілерге ішкі істер органдарының қызметі саласындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болдырмау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп аталатын заң жобасына енгізілмек.

Себебі Қазақстан Конституциясының 10-бабында «Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды» деп қана, қысқа жазылған. Егер Парламент қабылдаса, ұлттық заңнамада бұл ұғымды кеңейту ұсынылып отыр.

Осы мақсатта сонау 1991 жылғы 20 желтоқсанда қабылданған, бірақ қазіргі кезде де қолданылатын «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңының жаңа негізгі міндеті пайда болады. Ол міндет: «мемлекеттің тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығы мен егемендігін, оның конституциялық құрылымын сақтау және қамтамасыз ету мақсатында қос азаматтықты болдырмау».

«Бұл норма Қазақстан аумағында бірнеше, соның ішінде қос азаматтыққа қатаң тыйым салынатынын нықтайды. Тиісінше, шетел азаматы бір мезгілде Қазақстан азаматы бола алмайды», – деген түсініктеме берді заң жобасын әзірлеушілер.

# ЧТО РАССКАЗАЛИ БЕСЦЕННЫЕ КАРТЫ

**Отечественное краеведение на современном этапе претерпевает коренные изменения, и в настоящее время проводится немало исследований исторической географии Великой степи, значительной, исторически значимой территорией которой является и Акмолинская область.**

*В процессе составления карты сакральных мест Казахстана проводятся поиск и комплексное исследование ранее неизвестных географических и исторических объектов. Уже исследовано более двухсот топографических карт конца XIX – начала XX века. В результате составлена сборная топографическая карта, не имеющая аналогов, с использованием естественных и исторических топонимов ландшафта Казахстана. Ранее работы такого масштаба и глубины не проводились. А потому итоги изучения исторического ландшафта региона трудно переоценить.*


Фото предоставлено автором.

*На исторических картах отмечены погребения элиты казахской знати – батыров, биев, аулие, султанов, ханов. Все они кровно связаны с ныне живущими современниками. Кроме того, на картах есть объекты архитектуры, развалины древних крепостей, подземные гроты, пирамиды, караванные дороги, гуннские святилища и городища, именные золотоносные прииски XVIII-XIX веков. И это только малая часть обнаруженного нами в результате научно-исследовательской работы.*

*Возникает вопрос, кто и каким образом изготовил эти бесценные топографические карты с огромным информационным багажом? Мы выяснили, что в 1845 году был издан Указ Николая I о создании топографического отряда на базе Омского военно-топографического гарнизона для проведения картографических съемок Великой степи. Но осуществить эту работу в срок не удалось, т.к. на территории казахских земель началось национально-освободительное движение под руководством легендарного Кенесары хана.*

*Только в 1846 году топографический гарнизон из г. Омска мог осуществлять съемку местности Великой степи. При этом они вели переговоры с местными жителями – нашими предками, выясняя наименования поселений, зимовок и летних стойбищ, рек, озер, караванных дорог, родников, крепостей, погребений элиты кочевой знати и т. д. Таким образом была осуществлена совместная работа по составлению карты местности с большим разрешением и информационным багажом. На этой карте российские топографы зафиксировали исконно казахскую ландшафтную историю для современных поколений.*

*На территории Астраханского района обнаружено место захоронения Даир-султана (умер в 1786 г.), сына Барак-хана, зятя Абылай-хана, управителя родов каракисек и токтаул из династии Тугум-Шигайская. На карте это место обозначено как «М. Даир-хан» в 75 км. от Астаны. Однако и этими объектами наши находки не ограничились.*

*Исходя из вышеизложенного, мы можем утверждать, что данные уникальные карты представляют собой огромную культурно-историческую ценность. Информацию, полученную от наших предков при участии российских топографов, необходимо в полном объеме использовать при изучении сакральной географии Казахстана. Например, при издании печатной продукции по топонимике Акмолинской области. Конечный продукт работы ученых смежных дисциплин – археологов, этнографов, географов – должен послужить подлинной основой для составления карты сакральных объектов Республики Казахстан, необходимой для работы ономастических комиссий всех уровней, от сельского до областного.*

**Гизат ТАБУЛДИН,**
**заслуженный краевед РК,**
**старший научный сотрудник Института истории государства КН МОН РК.**

# МҮЛІКТІ РӘСІМДЕУ ДЕРЕКТЕРІ

**Елімізде қолға алынып жатқан жалпыға ортақ декларациялау аясында шенеуніктер мен кәсіпкерлердің атындағы мүлікті рәсімдеу деректері де тексерілмек. Бұл туралы Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев журналистердің сауалына жауап беру кезінде айтты.**



«Біздe жалпыға ортақ декларациялау бірнеше кезеңде жүзеге асады. Ол 2025 жылы толық аяқталады. Біз сол дұрыс болады деп шештік. Өйткені мемлекеттік қызметшілердің туыстары бар. Қандай да бір мүлік дұрыс рәсімделмеген шығар. Мұның бәрін 2025 жылы анықтаймыз. Жалпы, жағдай белгілі болады. Кімде қандай мүлік жазылғанын білеміз», деді министр.

Оның айтуынша, мүлікті рәсімдеу деректері мемлекеттік қызметшілерге де, кәсіпкерлерге де қатысты бірдей жүргізілмек. Сондай-ақ ол жалпыға ортақ декларациялау рәсімдері үрдісі толық жолға қойылғаннан кейін өз мүлкін декларацияламайтын және салық төлемейтін адамдарға тиісті шара қолданылатынын жеткізді.

Айта кетейік, таяу күндері нормативтік-құқықтық актілер порталында жарияланған Үкімет қаулысында «Қайтарылған активтерді басқару жөніндегі компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылатыны белгілі болған еді.

«Жарғы капиталында мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен «Қайтарылған активтерді басқару жөніндегі компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылсын. «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарында, нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен қайтарылған активтерді басқару, сақталуын қамтамасыз ету, өткізу серіктестіктің негізгі мақсаттары болып айқындалсын. Серіктестіктің жарғылық капиталы осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің теңгеріміндегі мүлікті беру жолымен қалыптастырылсын», делінген ашық қаулыда.

Басқарушы компанияның міндеттері – мемлекетке қайтарылған активтерді оның атынан меншігіне қабылдау, мемлекет кірісіне айналдырылған активтердің сақталуын және ұсталуын қамтамасыз ету, активтерге билік ету, активтерді өткізуден түскен қаражатты арнаулы мемлекеттік қорға аударуды қамтамасыз ету.

**ОЧС ПРЕДУПРЕЖДАЕТ!**

# БУДЬТЕ ОСТОРОЖНЫ НА ВОДЕ



**В целях предупреждения чрезвычайных ситуаций на воде, сотрудниками отдела по ЧС совместно с волонтерами Молодежного ресурсного центра проводятся рейдовые мероприятия на водных акваториях Астраханского района.**

В ходе рейдов до отдыхающих доводятся основные правила поведения на воде, а именно:

Запрещается купание на воде в состоянии алкогольного опьянения, купание в запрещенных местах, оставление детей на воде без присмотра взрослых. Игры и шалости на воде могут быть опасны.



Будьте бдительны при купании!

В результате проверенных рейдов было проинструктировано 25 человек, вручено 25 памяток по правилам безопасности на воде.

Работа в данном направлении будет продолжена в период купального сезона.

**Соб.инф.**

# АЗАМАТТАРДЫҢ МӘМС ҮШІН ТӨЛЕГЕН АҚШАСЫ ҚАЙДА КЕТЕДІ?

**Менің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударған жарналарым қайда, Қорға қанша ақша жиналды, емханаға бармасақ ақшаларымыз күйіп кете ме? Бұл сұрақтар әлеуметтік желіде жиі қойылады. МӘМС жүйесі 2020 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқанына және оны енгізу туралы ақпарат үнемі жарияланып тұрғанына қарамастан, азаматтардың көпшілігі әлі күнге дейін жарналар мен аударымдар қайда кететінін аңғармайды. Бұл сауалдарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жауап берді.**

МӘМС жүйесі медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, қаржыландыру тапшылығын төмендету қажеттілігіне байланысты енгізілген. Егер 2019 жылы денсаулық сақтау саласына 1,03 трлн теңге бөлінген болса, 2023 жылға қазірдің өзінде 2,5 трлн теңге қарастырылған. Бұл көрсеткіштің медициналық қызметтердің санын ұлғайтуға мүмкіндік берді, соған сәйкес, азаматтардың көпшілігі барынша медициналық көмекке жүгіне алады.

**МӘМС үшін ақша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына түседі ме?**

Көптеген адамдар МӘМС төлемдері Қорға түседі және ол қаражатқа өз қалауы бойынша жұмсайды деп қателеседі. Жарналар мен аударымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі арнайы шотқа түседі (яғни, тікелей Қорға емес), олар басқа мақсаттарға жұмсалынбайды.

**Жарналар қайда кетеді?**

Ұлттық банкті арнайы шоттан бұл қаражат медициналық ұйымдарға – Қордың жеткізушілеріне – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілген медициналық қызметтерге төлем ретінде жіберіледі. Яғни, сақтандырылған азаматтар МӘМС тізбесіне енгізілген барлық қажетті медициналық көмекті денсаулық көрсеткіштері бойынша тегін алады, олар үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры төлейді.

Мысалы, 2022 жылы МӘМС шеңберінде көрсетілген медициналық көмекке шамамен 836 млрд теңге жұмсалды.

**Егер мен медициналық көмекке жүгінбесем, жарналарымды шешіп ала аламын ба?**

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жинақтаушы жүйе емес, баршаға ортақ жүйе. Қазақстандық модель пациентке денсаулық жағдайы бойынша талап етілетін емнің көлемі мен құнын шектемеу үшін әлеуметтік бағдарланған түрде құрылды.

Мысалда қарастырайық. Бір жыл ішінде мүмкін болатын ең жоғары жарнамен 1 адам тек 168 мың теңге (айына 14 000 теңгеден) жинайды.




Бұл қаражат дербес шотта жиналып, пациент оларды өз қалауы бойынша емделу үшін пайдалана алады деп есептейік. Бірақ бұл сомаға ол шектеулі мөлшерде ғана ем ала алады.

Тек стандартты сынақтар жиынтығы, гормондарды, инфекциялардың болуын тексеру үшін бірнеше ондаған мың қажет. Егер ультрадыбыстық, кардиограмма, КТ/МРТ және басқа аспаптық диагностика қажет болса ше? Яғни бір жыл ішінде жинақталған жарналар диагноз қою үшін толық тексеруден өтуге де жеткіліксіз болуы мүмкін. Сонымен қатар күндізгі стационарға бару немесе тәулік бойы ауруханаға жату қажет болуы мүмкін.

Егер ота жасалатын болса, олардың құны бірнеше миллион теңгеге жетуі мүмкін, онда пациент жай ғана медициналық көмексіз қалады. Жиналған қаражат емделуге кететін шығынды жабуға жетпейді. Сондықтан бұл тәсіл пациенттің өзіне тиімсіз.

Сондықтан, МӘМС жүйесінің отандық моделінде барлық қаражат Ұлттық банктегі бірыңғай арнайы шотқа түседі. Ал сол жерден қаражат төлеушінің санатына және төлеген жарналардың мөлшеріне қарамастан, барлық сақтандырылған азаматтарға МӘМС бойынша көрсетілген медициналық көмек үшін төленеді.

Егер сізде қосымша сұрақтар немесе медициналық көмекке қатысты мәселелер туындаған жағдайда, сіз өзіңіздің клиникаңыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгіне аласыз. Егер жағдайды жергілікті жерде шешу мүмкін болмаса, онда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өзіңізге ыңғайлы келесі байланыс арналары бойынша өтініш жібере аласыз: Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы; fms.kz ресми сайты; Telegram-дағы @SaqtandyrýBot; 1414 байланыс орталығы.

Сондай-ақ, Қор медициналық сақтандыру жүйесіндегі мәртебеңізді тексеріп, төлемдер туралы ақпаратты egov.kz электрондық үкіметтің сайтында «Денсаулық сақтау» бөліміндегі «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысты туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» қызметі арқылы алуға болатындығын еске салды.

# КОГДА ОБРАЩАТЬСЯ К ЛОГОПЕДУ?

**Речь для ребёнка — важнейшее средство взаимодействия с окружающим миром, источник информации и развития мышления.**

Нарушения речевого развития могут быть обусловлены рядом различных причин. От нарушений строения артикуляционного аппарата, до функциональной незрелости мозговых структур, отвечающих за разные компоненты нервно-психического развития ребенка. Поэтому, наблюдая за ребенком в его обычной активности, родителям следует обратить внимание и обратиться к логопеду, если:



• Ребёнок ограничен в общении со взрослыми.

• Ребенок раннего возраста отстаёт в речевом развитии по непонятным причинам.

• Родители ребёнка (или один родитель) поздно заговорили, имели в детстве (или имеют) дефекты речи, т.е. имеет место выраженный наследственный фактор.

• Ребёнок имеет нарушения зрения или слуха.

• Ребенок в 2 года не говорит, использует только лепетные слова.

• Ребенок в 2,5 произносит отдельные слова, нет фразы.

• Речь ребенка в 3 года неразборчива и малопонятна для окружающих.

• Ребенок пользуется упрощенными словами, меняет слоги в слогах.

• У ребенка неправильное произношение многих звуков, отчего речь неразборчива.

• Ребенок не умеет «связно рассказывать» о событиях своей жизни, у него маленький словарный запас.

• Не усвоены грамматические нормы языка. Ребенок неправильно согласует слова, или нарушена слоговая структура (переставляет или выпускает слоги).

• Ребенок испытывает трудности в обучении чтению.

• Ребенок при письме допускает много «глупых» ошибок (пропуски, замены, недописывание букв, слогов и даже слов!), хотя правила знает.

• У ребенка проблемы с чтением: читает медленно, с ошибками, часто придумывает конец слова или предложения.

Специалист-логопед проведет диагностику речи, при необходимости составит план коррекционных мероприятий или назначит курс логопедических занятий, включающих в себя работу по развитию психологической базы речи, артикуляционную гимнастику, логопедический массаж (по показаниям) и работу по формированию фонематического слуха и лексико-грамматического строя речи. Занятия проводятся в структуре игровой или продуктивной (рисование, аппликация) деятельности.

**Айгуль ЕСЕНЖОЛОВА,**
**учитель-логопед**
**КГУ «КППК №15».**

# СОЛНЕЧНО, РАДОСТНО, КЛАССНО – ЛЕТО ПРИШЛО НЕ НАПРАСНО!

МИР МОЛОДЕЖИ

*«Есть что-то прекрасное*
*в лете,*
*А с летом прекрасное в нас!»*
**Сергей Есенин**

**Лето – это прекрасная, самая долгожданная пора для детей, которую любят и ждут все без исключения. Это весёлый отдых, походы на природу, рыбалка и купание, сбор грибов и ягод и много разных развлечений и приключений. Солнце, воздух и вода – наши лучшие друзья!**



Каждый год мы задумываемся о том, какими же мероприятиями, праздниками, нам взрослым, заинтересовать и увлечь наших детей. Одним из таких мероприятий этого лета стала поездка в село Астраханка. Тематика нашего путешествия соответствовала плану летнего пришкольного лагеря «Родными тропами». Ребятам провели инструктаж по технике безопасности и отправились в наше небольшое, но очень интересное путешествие. В дороге дети тоже не тратили время зря, пели весёлые песни, играли в игры, смеялись и шутили. Первым пунктом нашего путешествия был физкультурно-оздоровительный комплекс. И вот мы уже в бассейне! Удивление и восторг, радостные крики наших детей, навеяли мысли о том, что на свете нет ничего лучше, чем искренняя детская радость!



После плавания дети отправились в краеведческий музей центра детско-юношеского творчества. Для детей была проведена экскурсия. Удивительный мир старинных вещей открылся перед глазами. На стендах ученики увидели людей старшего поколения, отцов основателей села, ветеранов Великой Отечественной Войны, удостоверения ударных тружеников села. Много было представлено экспонатов бытового назначения, это и старинные утюги, прялки, посуда, граммофоны. В отдельном зале дети увидели юрту с богатым убранством внутри. В конце экскурсии ребятам устроили танцевальный мастер класс. Преподаватель по танцам показал несложный танец, а дети старались повторить. В итоге, получился динамичный и заводной танец. Уставшие и довольные ребята отправились домой. Это увлекательное путешествие дети запомнят надолго. Этот день прошел отлично - море позитива, радостных улыбок, взрывных эмоций.

**КГУ «ОСШ села Акимовка».**

# *ИЗУЧАЕМ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК:*

## ҚАЛАМЫЗДЫҢ КӨШЕЛЕРІ

***1-тапсырма. Жаңа сөздермен танысыңыз.***

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қиылыс | пересечение | субұрқақ | фонтан |
| бұрылыс | поворот | ескерткіш | памятник |
| ұзын | длинная | орналасқан | расположен |
| қысқа | короткая | тура | прямо |
| қала сыртында | за городом | солға | налево |
| ортасында | в центре | оңға | направо |
| бағдаршам | светофор | алыс | далеко |
| аялдама | остановка | жақын | близко |
| саябақ | парк | қарама-қарсы | напротив |

***2-тапсырма. Сурет пен сөзді сәйкестендіріңіз.***




***3-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз.***

Мен Көкшетау қаласында тұрамын. Менің қалам шағын және әдемі. Мен Горький көшесінде тұрамын. Горький көшесі – ең ұзын көше. Қаламызда сауда орталықтары, мәдени орындар көп. Қалалық әкімдік Әуезов көшесінде орналасқан. Әкімдікке қарама-қарсы мәдениет үйі бар. Орыс драма театры Ақан сері көшесінде. Қазпоштаға қарама-қарсы «Қазақстан» қонақ үйі орналасқан.

***4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.***

**1. Мәтінге сәйкес ақпаратты көрсетіңіз. Укажите информацию, соответствующую тексту.**

А) Менің қалам үлкен және әдемі. В) Менің қалам шағын және әдемі.

С) Менің қалам шағын және әдемі емес. Д) Менің сүйікті қалам шағын және әдемі.

**2. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты көрсетіңіз. Укажите информацию, не соответствующую тексту.**

А) Әкімдікке сауда үйі бар.

В) Қалалық әкімдік Әуезов көшесінде.

С) Орыс драма театры Ақан сері көшесінде.

Д) Қаламызда сауда орталықтары, мәдени орындар көп.

**3. Мәтін жауабы бар сұрақты табыңыз. Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.**

А) Сіз жазда қайда бардыңыз?

В) Қалаңызда мәдени орындар бар ма?

С) Әуезов көшесінде қандай ескерткіш бар?

Д) Абылайхан даңғылына қалай баруға болады?

**5-тапсырма. Сөз тіркестерің, сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.**

Субұрқақ Әуезов көшесінде орналасқан. Ақан сері көшесі – орталық көше. Қала сыртында саяжай көп. Дүкеннің оң жағында. Ескерткіш қаланың ортасында. Ақан сері көшесінде «Көкшетау» мәдениет үйі бар. Қай көшеде орналасқан? Қалай баруға болады? Кітапханаға бару үшін тура жүріп, солға бұрыласыз.

# КАК НЕ СТАТЬ ЖЕРТВОЙ МОШЕННИКОВ

**Уважаемые жители и гости Астраханского района на сегодняшний день особую тревогу вызывает рост интернет - мошенничеств, их количество возросло в 10 раз.**

Одним из основных способов является - установление приложений «Any Desk» «Quick Support» «TeamViewer», в данном случае мошенники убеждают вас скачать удаленные приложения, продиктовать коды удаленного доступа, после того как они получают пароль, они контролируют ваше абонентское устройство, то есть они могут дистанционно находиться у вас в приложении в мобильных банках, где с депозитов и счетов перечисляют денежные средства на заранее подготовленные подставные карты и банковские счета, а также оформлять онлайн кредиты.

Чтобы не стать жертвой интернет мошенничества необходимо знать основные правила: никогда не скачивать приложения удаленного доступа «Any Desk» «Quick Support» «TeamViewer», не диктовать пароли, коды доступов.

Необходимо запомнить простую истину – сотрудники банка не звонят своим клиентам.

Однако, учитывая все неоднократные предупреждения об угрозе интернет - мошенничества, о всевозможных уловках мошенников, продолжают иметь случаи так, 13.01.2023 года житель с. Петровка Астраханского района гр. Л., при поиске приложений в Плей Маркете с целью инвестиции своих денежных средств скачал дубликат приложения «Халык банк» и в последующем после регистрации в данном приложении с ним связался с неизвестного ему номера мошенник который представился гр. Трофимовым А.В., вошел в доверие и предложили зарегистрироваться на сайте торговой площадки. После чего гр. Л., следую инструкциям зарегистрировался и внес первоначальный вклад на сумму 120 000 тенге якобы с их слов для покупки и дальнейшей продажи акций предварительно сообщив им свои персональные данные а именно паспортные данные и карту «Жусан Банка» и после всех этих действий на его мнимый баланс на сайте поступило 230 долларов которые как оказалось были просто цифрами. Далее он совместно с мошенниками выполнял действия на данном сайте, а именно якобы куплю-продажу акций. После чего для вывода средств ему сообщали что нужно оплатить ту или иную операцию со счетом, а именно оплаты якобы просроченной страховки, справка с торговой биржи и т.д.




Все эти страховки и справки по словам мошенников были платные и в итоге гр. Л., потерял 7000000 тенге, брав кредиты и занимая у родственников и знакомых.

***Учитывая горький опыт своих земляков не скачивайте приложения и не ведитесь на рекламы о быстрых заработках, будьте осторожны на просторах Интернета, за каждой легкой наживой, сидит группа мошенников, которые оставят вас в кредитах и долгах на долгие годы. МВД РК предупреждает - не поддавайтесь уловкам мошенников, будьте бдительны, берегите свои данные от посторонних лиц, не вступайте в контакт с посторонними по мессенджерам «Вацап», «Телеграмм», «Инстаграмм» и др., не поддавайтесь предложениям «обогатиться», своими действиями ВЫ ОБОГАТИТЕ ТОЛЬКО МОШЕННИКОВ ЗА СВОЙ СЧЕТ!***

**ОП Астраханского района.**

**ОЧС ИНФОРМИРУЕТ**

## МЕСЯЦ ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ЖИЛОМ СЕКТОРЕ



Для улучшения обстановки с пожарами на территории Астраханского района, недопущению гибели и травмирования людей при пожарах в пожароопасный и перед началом отопительного периода, а также во исполнение указания Департамента по ЧС Акмолинской области, в период с 15 августа по 15 сентября текущего года Отделом по ЧС Астраханского района будет проведен месяц пожарной безопасности в жилом секторе. Основной целью, которого является защита собственности и личного имущества граждан от пожаров.

Для совершенствования профилактической работы, агитации и более эффективного профилактического воздействия на население, во время подворовых и по квартирных обходов, будут проводиться беседы с населением по разъяснению правил пожарной безопасности в быту, при хранении грубых кормов, эксплуатации электронагревательных и электрических приборов и первым действиям в случае возникновения пожара.

**Во избежание пожаров в вашем жилом доме:**

Не используйте провода с поврежденной изоляцией;

Для защиты электрических сетей от перегрузок и короткого замыкания пользуйтесь только калиброванными предохранителями заводского изготовления, не применяйте предохранители кустарного изготовления типа «Жучок»;



Определите недоступное для детей место для хранения спичек;

Не курите в постели;

Разведение костров не допускается ближе 50 метров до зданий и сооружений;

Сжигание мусора должно производиться в специально отведенных местах.

**В случае угрозы жизни и здоровью незамедлительно обращаться по телефонам «101» и «112»**

## ДҰҒАҒА ШАҚЫРУ

Құрметті ағайын-туыс, бауырлар, ауылдастар, жора-жолдастар, көршілер!

Аяулы бауырымыз, ардақты әке **Жанбатыр Орынбайұлы Мұқаштегінің** өмірден озғанына жыл толуына орай құран бағышталып, берілетін асқа шақырамыз.

Ас 2023 жылдың **19 тамызы сағат 12.00-де Астрахан ауылы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 38, «Жібек жолы» мейрамханасында** беріледі. Дұғаға ортақ болуларыңызды сұраймыз.

**Апасы Сайран, ағасы Елеу және Мұқашевтар әулеті.**

## АСЫЛ БЕЙНЕҢ, БАУЫРЫМ, МӘҢГІ ЕСТЕ!

***ЕСКЕ АЛУ***

*Адам өледі*
*Өкінбе, өкін мейлі,*
*Сынған емен бәрібір жетілмейді.*
*Өксіп өмір өкпеге тепсе дағы,*
*Болған іске болаттай бекін дейді*
*Ақын Төлеген Қажыбай.*

Беу, дүние-ай десейші! Тағдырдың жазмышына кім қарсы тұра алар. Ортамызда алаңсыз ойнап-күліп жүрген аяулы бауырымыз ойламаған жерден ауыр қазаға ұшырады. Өкініштің өксігі басылар емес, қапыда айырылып, көз жасымыз көлдеді. Қамшының сабындай қысқа ғұмыры елең алаңда, көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Аллаға да жақсы адам керек шығар. Жүрегі таза, ниеті адал қарапайым азамат еді. Сұм тағдыр амал қанша, өзіңді алды, бірақ та жадыраған жарқын нұрлы жүзің мәңгі есімізде қалды.



Келместің кемесіне мініп кеткеніңе бір жыл толғалы отыр. Аз ғана ғұмырын адамдарға жақсылық жасау үшін өткізген ардақтымыз осы Астрахан ауданының Алғабас ауылының тумасы Орынбайұлы Жанбатыр Мұқаштегі.

Алыстағы арманына қол созып, мақсатмұрат биігінен көрінуге асығып жүруші еді. Бірақ жете алмай арманда кетті. Қайратжігері толған 56 жасында бұл өмірден оқыс кетіп қалды. Қос құлынының қызығын көріп қызықтауға да өмірі жетпеді. Артында жанжары, қос құлыны, бауыр еті бауырлары, қимас жолдастары аңырап қала берді.

*Тағдырға дауа бола ма?*
*Бауырдың орны тола ма?*
*Сағынышпен еске алып,*
*Иман байлығын тілегеннен басқа.*

Иә, уақыт бәріне емші дейді. Тән жарасы жазылғанмен, жан жарасы жазылар ма? Сенің енді айналып келмейтініңді біледі отбасың. Өз-өздеріне күш-қайрат беріп, әрине ілгері жылжиды. Өтіп бара жатқан уақытқа тоқтам бар ма? Өмірдің қысы мен жазы, көктемі мен күзі алмасып өте берер. Тек өзің ғана қасымызда жоқсың, орның қашан да бос тұрады жан бауырымыз. Өтеді өмір осылай...

Сенің адамды жылылық шуағына бөлейтін ақжарқын күлкіңді, мейірімді жүзіңді, әкелік қамқорлығыңды, туғандар арасындағы сыйластығыңды аңсаймыз. Бір жыл бойы өзіңді іздеумен, елеңдеумен жүріп жатырмыз. Айналайын, Жанбатыржан, топырағың торқа, жаның жәннатта болсын. Жұмақтан орын бұйырып, Пайғамбардың ақ туының астында болғайсың дегеннен басқа қолдан келер шара жоқ.

Артында қалған қос құлыныңа, жанжарыңа, бауырларыңа амандық, ынтымақбірлік берсін деп тілейміз. Сағына еске алып, иман байлығын тілеп, рухыңа әрдайым дұға бағыштаймыз.

*Баяны жоқ дүние-ай,*
*Пендесі жоқ өлмейтін.*
*Аяулы жан бауырым*
*Кеттің-ау жерге келмейтін.*
*Арғымақ келер ағылып,*
*Жібектен арқан тағынып.*
*Айналайын жан бауырым*
*Артыңда қалдық сағынып.*

**Сағына еске алушылар,**
**Сайран Қазжанова және**
**Мұқашевтар әулеті.**

## ПОЗДРАВЛЯЕМ ЮБИЛЯРОВ И ИМЕНИННИКОВ!



Сердечно поздравляем с 86-летием **Отызбаеву Шолпан** из села Жанаберлик.

От всей души сердечно поздравляем с 80-летним юбилеем **Коржову Марию Михайловну** из села Астраханка, **Ермилову Марию Васильевну** из села Камышенка.

От всей души сердечно поздравляем с 75-летием **Закачанскую Надежду Ивановну** из села Жалтыр.

С 70-летним юбилеем от всей души поздравляем **Волошина Александра Ивановича, Зель Виктора Яковлевича** из села Астраханка, **Доскееву Зейнеп Такибаевну** из села Жалтыр.

Сердечно поздравляем с 65-летием **Гуляренко Владимира Ивановича, Бережнову Ольгу Николаевну, Жабикова Жакию Аукеновича** из села Жалтыр.

***Желаем вам крепкого здоровья, добра, тепла, любви и заботы родных и близких, уюта и благополучия в ваших домах!***

**Районный совет ветеранов.**

**Отызбаева Шолпан Жанбатырқызын туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!**





Құттты болсын 86-ға келген жасыңыз,
Құтты болсын қуанышты күніңіз.
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз,
Мерекеде нұрға толсын жүзіңіз.
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Бала-шаға қызығына кенеліп
Ортамызда аман-есен жүріңіз.
Ыстық бізге мейірімге толы үніңіз,
Ыстық бізге бір қарап күлгеніңіз.
Ешқашанда жабырқамай қуанып,
Ауырмаңыз, мұңаймаңыз - күліңіз.
Сізге арнаймыз барлық әсем әнді де,
Сізден таптық өмірді де, мәнді де.
Шын тілейміз тағдырдан біз өзіңіз
Жанымызда жүрсеңіз екен деп мәңгіге.



**Ізгі тілекпен, ұлдары-келіндері, қыздары-күйеу балалары, немере-жиендері және шөберелері.**

**Поздравляем Сулейменова Алтынбека Сагиндыковича с днём рождения!**

Желаем крепкого здоровья, счастья, удачи и семейного благополучия.



С днем рожденья поздравляем
Счастья, радости желаем
Вам желаем от души
Пусть сбываются мечты!



**Совет ветеранов и пенсионеры с. Ягодное.**

**Поздравляем Затонскую Елену Тимофеевну с днем рождения!**

Желаем крепкого здоровья, счастья, удачи и семейного благополучия и побольше радостных моментов в жизни.



Пусть будет все у вас отлично
в делах, в работе, в жизни личной.
Пусть будут рядом навсегда
Родные, близкие, друзья
Здоровья, счастья и успеха
Побольше радости и смеха
В семье достатка, доброты
Пусть исполняются мечты.



**Совет ветеранов с. Ягодное.**




**ПРОДАМ**

**КОМПЬЮТЕРНЫЙ СТОЛ, КОМПЬЮТЕР СО ВСЕМИ НАСТРОЙКАМИ**

**ОБРАЩАТЬСЯ ПО ТЕЛЕФОНУ: 8 747 329 27 90**

**УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ ГАЗЕТЫ МАЯК!**



**Приглашаем вас оформить подписку**

**Подписная цена – 2000 тенге - на 6 месяцев**

***ПОДПИСКА В РЕДАКЦИИ И В ОТДЕЛЕНИИ КАЗПОЧТЫ***

**ИНДЕКС 66811**






Газет «Астрахан аудандық «Маяк» газеті» ЖШС-де теріліп, беттелген, «Медиа-холдинг» ЖШС-де басылып шығарылған, 010000 Қазақстан, Астана қаласы, Силети, 30. ЖШС-нің тіркеу куәлігі 5485-1902. 2012 жылдың 6 қаңтарында Қазақстан Республикасының байланыс және ақпарат министрлігінің ақпарат және архивтер комитетінде тіркелген. №12353-Г тіркеу куәлігі. Таралымы 1000. Индекс 66811.

**Собственник:** ТОО «Астраханская районная газета «Маяк»

Издается при поддержке акима района, районного маслихата

**Директор - редактор Арман Жапаров**
**8 705 383 37 39**
**2-21-73**

**Корреспондент**
**Бухгалтерия**
**Прием рекламы**
**2-36-93**

Газета набрана и сверстана в ТОО «Астраханская районная газета «Маяк», отпечатана в ТОО «Медиа-холдинг» 010000, Казахстан, г. Астана, ул. Силети, 30. Регистрационное свидетельство 5485-1902-ТОО. Зарегистрирована в Комитете информации и архивов Министерства связи и информации Республики Казахстан 6.01.2012 г. Регистрационное свидетельство №12353-Г. Тираж 1000. Индекс 66811.

**Рукописи не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за достоверность фактов несут авторы, за содержание рекламы - рекламодатели. Точка зрения авторов и мнение редакции могут не совпадать**

**НАШ АДРЕС**
**020300**
**с. Астраханка,**
**ул. Аль-Фараби, 71**

**Электронная почта**
**astrmayak@mail.ru**

**Сайт**
**mayak.skom.kz**